



БЕКІТЕМІН

Ғылыми кеңес төрағасы –

Қазтұтынуодағы Қарағанды
университетінің ректоры,

э.ғ.д., профессор

Е.Б.Аймағамбетов

№ _____ Хаттама « _____ » _____ 2021 ж.

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің диссертациялық кеңесі туралы осы ереже (бұдан әрі - Қазтұтынуодағы ҚарУ) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелер беру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) негізінде әзірленді.

1.2. Диссертациялық кеңес өз қызметінде 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» және 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алады.

1.3. Диссертациялық кеңес 3 күнтізбелік жылға құрылады және ЖОО-да тиісті бағыттар бойынша кадрлар даярлаудың:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалары;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес білім беру бағдарламалары Тізілімінде докторантураның білім беру бағдарламалары;

3) Заңның 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес аккредиттелген білім беру бағдарламаларының Тізіліміне енгізілген докторантураның аккредиттелген білім беру бағдарламалары болған кезде;

4) Заңның 5-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес бөлінетін 1, 2 және 3 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылады.

1.4. Диссертациялық кеңес құрамында диссертациялық кеңестің 50% мүшелері тұрақты мүшелер болып табылады, оның ішінде төраға, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшы.

	ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 2 из 21

Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 адам кіреді.

Диссертациялық Кеңес мүшелерінің кемінде 50% - ы басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық Кеңес мүшелерінің 50%-ы докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторантты қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес(аффилирленген) тұлғалар диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып тағайындалмайды:

1) жақын туыстар - ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттары (свойственники);

2) докторант немесе ғылыми кеңесші, еңбек қатынастарында немесе олардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін өзге де қатынастарда болатын ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары.

1.5. Диссертациялық кеңестің құрамына енгізілмейді:

1) диссертациялық кеңес құрылған ЖОО ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 жылда диссертация мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілер, жетекшілер болып табылатын мамандар.

1.6. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-нің Хирш индексі 3-тен кем емес немесе рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары болады: Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus дерекқорында citesscore бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткіші бар басылымдарда соңғы 5 жыл ішінде кемінде 2 жарияланым немесе рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары болады.

Кеңестің тұрақты құрамы мен ондағы өзгерістер, сондай-ақ төрағасы, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшысы Қазтұтынуодағы ҚарУ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.



1.7. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары және ғылыми хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылатын диссертациясы қаралған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық Кеңес төрағасының міндеттерін атқару төрағаның орынбасарына, төраға орынбасарының және ғылыми хатшының міндеттерін атқару диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі. Төраға, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

1.8. Қазғғтынуодағы ҚарУ:

1) диссертациялық Кеңестің отырыстарын өткізу және диссертацияларды көпшілік алдында, оның ішінде акпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдану арқылы қорғау үшін қажетті жағдайларды;

2) плагиатты анықтаудың лицензиялық жүйесінде диссертацияларды тексеруді қамтамасыз етеді.

2. Диссертациялық кеңестің негізгі функциялары

2.1. Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) докторанттың авторға және дереккөзіне сілтемесіз алынған материалды пайдалануына(плагиатқа) диссертацияны тексеру үшін диссертациялық Кеңес мүшелері қатарынан комиссия (бұдан әрі – диссертациялық Кеңес комиссиясын) құру;

4) көпшілік алдында диссертация қорғауды өткізу;

5) диссертация туралы шешім қабылдау.

2.2. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

1) объективті, толық және нақты мәліметтер береді;

2) диссертацияны қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол берілмейді;

3) ғылыми әдепті бұзу фактілеріне жауап береді;

4) шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан еркін болады;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет барысында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілердің және ресми рецензенттердің ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін дәрекі, қорлайтын сөздер, айыптаулар қолданбайды.



Көрсетілген талаптарды сақтамау деректері анықталған жағдайда, диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

2.3. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін диссертациялық Кеңес Комитетке осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

2.4. Диссертациялық Кеңес диссертациялық жұмыс нысанында докторант ұсынған диссертацияны немесе Ережелердің 5-1-тармағының талаптарына сәйкес докторант жариялаған мақалалар сериясын қорғауды жүргізеді.

2.5. Қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін докторант оқыған ЖОО кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияны алдын ала талқылауды жүргізеді. Жоғары оқу орнының кеңейтілген отырысы өткізілгеннен кейін докторанттың диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндетті түрде өтуін талап етуіне жол берілмейді.

Кеңейтілген отырыс өткізілгенге дейін 1 ай бұрын диссертация ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), докторанттың ғылыми зерттеулер саласындағы бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 маманға рецензияға жіберіледі.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-і, рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ аралас (ұқсас) кафедралардың және (немесе) ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик-мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Кеңесшілер қатыспаған жағдайда, докторанттың диссертациясы бойынша олардың жазбаша пікірлерін кафедра меңгерушісі оқиды.

Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант ЖОО ректорына өзі қорғалатын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант оқыған ЖОО 10 жұмыс күні ішінде оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді.

2.6. Алдын ала қорғаудан өткеннен кейін докторант диссертациялық жұмысты ЖОО-ның Әдеп комиссиясының қарауына ұсынады. Әдеп комиссиясы докторанттың/докторантура түлегінің ғылыми-зерттеу жұмысының материалдарына талдау жүргізеді және зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтардың болмауы туралы қорытынды шығарады.

	ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 5 из 21

Әдеп комиссиясының отырысына өтінім беруші (докторант) және оның ғылыми кеңесшісі шақырылады. Ұсынылған материалдарды қарау қорытындысы бойынша әдеп комиссиясының хатшысы қорытынды дайындайды, ол Үлгі ережеде көзделген басқа құжаттармен бірге докторант өз диссертациясын қорғайтын Диссертациялық кеңеске жіберіледі.

2.7. Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің жазбаша пікірлері;
- 2) кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысы, ішкі рецензенттердің рецензиялары, келісу парағы;
- 3) қатты түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация енгізу актісімен диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда);
- 4) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері (2 дана) (*2-қосымша*);
- 5) докторант оқыған ЖОО-ның әдеп комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (*3-қосымша*).
- 6) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация. Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы (қағаз және электрондық (PDF форматында));
- 7) кадрлар есебі бойынша жеке парағы;
- 8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеруі туралы транскрипт көшірмесі;
- 9) нысан бойынша докторант туралы мәліметтер (*4-қосымша*).

2.8. Ғылыми хатшы бекітілген тізбеге сәйкес докторанттан құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады, оларды тіркейді және кемінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды диссертациялық кеңеске ұсынады.

2.9. Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында Кеңестің тұрақты құрамы Үлгілік ереженің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.



2.10. Құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін айқындайды және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі және докторанттың зерттеулері саласында кемінде 5 ғылыми мақаласы бар екі ресми рецензентті тағайындайды.

Қорғау күні, қорғау күні тағайындалған күннен бастап 3 айдан аспайды. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының келіп түсу кезектілігі сақталады.

2.11. Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық Кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздік принципін басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер болып тағайындалмайды:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша докторанттың бірлескен авторлары;
- 3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін ЖОО-ның және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері;
- 4) соңғы 3 жылда диссертация мазмұны жөніндегі комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болып табылатын мамандар.

2.12. Диссертациялық Кеңес ЖОО-ның интернет-ресурсында докторанттардың қорғау және кеңес қызметі туралы мынадай материалдарды:

- 1) докторант туралы ақпаратты көрсетумен, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарламаны (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 ай бұрын тұрақты негізде кол жетімді);
- 2) диссертацияны (қорғаудың белгіленген күнінен 1 ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқаларын (тұрақты негізде кол жетімді);
- 3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотацияны (белгіленген қорғау күніне дейін 1 ай бұрын);
- 4) докторанттың жарияланымдарының тізімін (белгіленген қорғау күнінен 1 ай бұрын);

	ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 7 из 21

5) қорғаудан кейін кемінде 5 ай ішінде қол жетімді ғылыми кеңесшілердің пікірлерін (қорғаудың белгіленген күнінен 1 ай бұрын);

6) ресми рецензенттердің пікірлерін (белгіленген қорғау күніне дейін 5 жұмыс күні бұрын) *(5-қосымша)*;

7) қорғаудың бейнежазбасын, толық көлемде монтаждауға жол берілмейді (қорғалғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғалғаннан кейін кемінде 5 ай бойы қолжетімді болады);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысын (қорғалғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғалғаннан кейін кемінде 5 ай бойы қолжетімді болады);

9) апелляциялық комиссияның шешімін (бар болса, шешім қабылданғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде 5 ай бойы қолжетімді болады);

10) диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есепті (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде орналастырылады) *(1-қосымша)*;

11) қорғау өткізу күнін, уақытын, орнын өзгерту және ресми рецензенттерді ауыстыру туралы хабарландыруды (болған жағдайда);

12) диссертациялық кеңестің құрамын және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі туралы ақпаратты;

13) басқа материалдан сілтемесіз алып пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйесінің, оның ішінде колданылу мерзімдерін көрсете отырып, халықаралық дерекқорлар бойынша болуы туралы ақпаратты;

14) ЖОО-ның Әдеп комиссиясының қорытындысын;

15) бейнеконференция түрінде online (онлайн) диссертациялық кеңестің отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты орналастырады.

2.13. Диссертациялық жұмыс Қазтұтынуодағы ҚарУ интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін "диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы" деген белгімен ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

ЖОО-ның интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіліп, одан әрі қорғауға ұсынылады. Авторлығын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық мекенжайы жоқ бейресми пікірлер қорғалуға ұсынылмайды.

2.14. Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық Кеңес Комитетке қорғауға қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жібереді және келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің интернет-

	ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 8 из 21

ресурсында орналастырады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа).

2.15. Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде диссертациялық Кеңес докторанттың отандық және халықаралық дерекқорлар бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны "мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – МҰҒТСО) жібереді. Плагиаттың титулдық парағы мен пайдаланылған дереккөздердің тізімі тексерілмейді.

МҰҒТСО келіп түскен күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде диссертация мәтінін өзінің интернет-ресурсында ашық түрде орналастыруды қамтамасыз етеді. Диссертация тұрақты негізде қол жетімді.

2.16. Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі данасы ЖОО кітапханасына беріледі. Қорғалғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы диссертацияның электрондық жеткізгіштегі даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына (мемлекеттік құпияларды және қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа) береді.

2.17. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша пікірлер ұсынады.

Диссертация мақалалар топтамасы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді. Егер мақала мазмұнының 2/3-і және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, ресми рецензент оны есепке алмайды.

Ресми рецензенттер жазбаша пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғаған жағдайда) немесе докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдына өтініш жасау;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертацияны мақалалар сериясы нысанында қорғау жағдайларынан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартуға құқылы.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғалғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

	ҚАЗҒҒТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазғғтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 9 из 21

Ресми рецензенттерді ауыстыру жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 жұмыс күнінен аз уақыт бұрын қабылданса, онда қорғау күні ауыстырылады.

2.18. МҰҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖОО-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған кезде диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексеруді жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертация қорғалғанға дейін 8 жұмыс күнінен кешіктірілмей диссертациялық кеңеске ұсынылады.

2.19. Диссертациялық Кеңес диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін 7 жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық Кеңес қабылданған шешім туралы докторантка 2 жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

Докторанттың диссертацияны қорғаудан алуға мүмкіндігі бар, бірақ оны қорғағанға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей.

2.20. Диссертациялық кеңестің отырысы, егер оның жұмысына оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, заңды деп есептеледі. Диссертациялық Кеңестің ресми рецензенттері мен уақытша мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңестің мүшелеріне және ресми рецензенттерге қорғауға бейнеконференциялар нысанында қатысуға рұқсат етіледі.

Диссертацияны көпшілік алдында қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өткізіледі.

Отырысқа практикалық саладағы шақырылған мамандардың қатысуына жол беріледі (егер диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық Кеңес докторантты, диссертациялық Кеңес мүшелерін, ресми рецензенттерді диссертация қорғалғанға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын бейнеконференция нысанында диссертациялық кеңестің отырысы өткізілетіні туралы электрондық пошта және кеңес сайтында жариялау арқылы хабардар етеді.

Диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізу кезінде қамтамасыз етіледі:

- отырысқа қатысушыларды визуалды сәйкестендіру;
- отырысқа қатысушылардың интернет желісінде сөйлеген сөздерін үздіксіз бейне және аудиотрансляциялау;
- отырысты бейне- және аудиожазу;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дасуыс беруі.

2.21. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс өткізеді:

	ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 10 из 21

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдына өтініш жасау;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертацияны диссертациялық жұмыс нысанында қорғаған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу.

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден не докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдына өтінішхаттан бас тарту.

Диссертациялық жұмыс, егер онда мәтін бойынша елеусіз ескертулер болса, оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпесе, пысықтауға жіберіледі. Егер диссертация Ережелердің 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Ережелердің 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, анықтық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

2.22. Ғылыми кеңесшілер, тікелей жетекшілер болып табылатын немесе докторантпен тығыз байланысты диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруге ресми рецензенттер катысады, олардың дауыстары диссертациялық Кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Кеңестің Комитет алдына қолдаухаты туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысушы адамдардың 3/4 және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жіберуден бас тарту туралы Кеңестің шешімі, егер оған дауыс беруге қатысушы адамдардың 2/3 және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Егер дауыстардың аталған саны жиналмаса, онда қайта жасырын дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады, егер оған дауыс беруге қатысатын адамдардың көпшілігі дауыс берсе.

2.23. Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде диссертациялық кеңес үлгі ереже мен Ереженің қандай талаптарына диссертацияның сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

	ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 11 из 21

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау Үлгі ережеде белгіленген тәртіппен алдыңғы қорғау жүргізілгеннен кейін кемінде 6 айдан кейін жүргізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің және ресми рецензенттердің құрамы сақталады. Диссертация 2 реттен артық қайта қорғауға жіберілмейді.

2.24. Диссертациялық Кеңес пысықтауға жіберу туралы шешім қабылдаған кезде диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулері бар қорытынды қабылдайды.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш ай мерзімде ұсынылады, оны 3 айдан аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық Кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде ұсынылмаса, онда докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол осы ескертулерге дәлелді жауаптар береді.

Пысықталған диссертациялық жұмыс плагиатқа тексеру үшін МҰҒТСО-ға жіберіледі.

МҰҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық Кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою тұрғысынан ескертулерге жауаптарды талқылау жөнінде отырыс өткізеді.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

2.25. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы докторлық диссертацияны диссертациялық кеңесте қорғағаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде докторанттың Комитетке жіберілетін аттестациялық ісін қалыптастырады.

Докторанттың аттестациялық ісіне келесі құжаттар қоса беріледі:

1) диссертациялық кеңестің төрағасы қол қойған, диссертацияның МҰҒТСО-ға жіберілген күні көрсетілген Қазтұтынуодағы ҚарУ бланкісіндегі қолдау-жолдама-хат;

2) электрондық тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын Диссертацияда қағаз жеткізгіште ұсынылады;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі және көшірмелері;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) диссертацияны плагиатқа тексеру бойынша МҰҒТСО анықтамасы;

6) диссертациялық Кеңес мүшелерінің келу парағы (6-қосымша);

	ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 12 из 21

7) төраға мен ғылыми хатшы қол қойған диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырысының хаттамасы (кажет болған жағдайда) және толық көлемдегі бейнежазба;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергені туралы транскрипт көшірмесі;

9) докторантура туралы мәлімет *(4-қосымша)*.

1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке сканерленген түрде "пдф (pdf)" файл форматында ұсынылады.

2.26. Комитеттің немесе диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған Диссертация Үлгілік ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен қайта қорғауға ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған кезде диссертациялық Кеңес диссертациялық кеңестің 3 мүшесін тағайындайды, олар диссертацияда бұрын белгіленген бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасайды. Қорытынды ЖОО-ның интернет-ресурсында қорғауға дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын орналастырылады және диссертация қорғауда оқылады.

2.27. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім қабылданған күннен бастап 2 ай ішінде диссертация қорғалған ЖОО-ға еркін нысанда береді.

Апелляцияны өткізу тәртібін Қазтұтынуодағы ҚарУ дербес бекітеді.

2.28. Егер апелляция диссертациялық Кеңестің шешіміне берілген жағдайда, онда апелляциялық комиссияның оң қорытындысы және диссертация түпкілікті шешім қабылдау үшін күнтізбелік 15 күн ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

2.29. Осы Ережеде реттелмеген даулар, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

ӨЗІРЛЕУШІЛЕР:

Ғылыми-зерттеу және интеграциялық
қызмет жөніндегі проректор,
э.ғ.д., профессор



Г.Е.Накипова

Жоғары оқу онынан кейінгі білім беру
Департаментінің бас маманы



Г.М.Қалқабаева

	ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	нұсқа 2 2021 ж.
	Қазтұтынуодағы ҚарУ Е-92-2021	Стр. 13 из 21

КЕЛІСІЛДІ:

Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры,
з.ғ.к., доцент

Ю.Н.Еремин

Сапаны қамтамасыз ету және
аккредитация жөніндегі орталық директоры,
з.ғ.к., доцент

Д.Г.Кудикенова

Танысу парағы

[illegible]

Диссертациялық кеңес жұмысы туралы есеп

жанындағы

(ЖОО атауы)

мамандықтар (кадрлар даярлау бағыты) бойынша

Диссертациялық кеңес

Есепке келесі мәліметтер кіреді:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отырыстардың кемінде жартысына келген, диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (оның болуы кезінде).
3. Оқыған ұйымы көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Келесі бөлімдер көрсетілген, оқу жылы ішінде кеңес қараған, диссертацияларға қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;
 - 2) "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған диссертациялар тақырыбының ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;
 - 3) диссертациялардың нәтижелерін практикалық қызметке енгізудің деңгейін талдау;
5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз шолулардың мысалдарымен);
6. ғылыми кадрлар даярлаудың жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар;
7. Мамандықтар бөлінісінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға диссертациялардың саны (кадрлар даярлау бағыттары):
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардан докторанттар);
 - 2) қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардан докторанттар);
 - 3) рецензенттерден теріс жазбаша пікірлер алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардан докторанттар);
 - 4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешім қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардан докторанттар);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар(оның ішінде басқа ЖОО-лардан докторанттар);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардан докторанттар).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____

(қолы, тегі, А.Ә.)

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы _____

(қолы, тегі, А.Ә.)

Мөр, күні " ____ " ____ 20 ____ жыл

Докторанттың ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерінің
ТІЗІМІ

(ЖОО атауы)

(Т.А.Ә.)

№	Аты	Жұмыс сипаты	Баспа, журнал (аты, нөмірі, жылы) авторлық куәлік нөмірі	Көлем	Бірлескен авторлардың Т.А.Ә. 6
1	2	3	4	5	6
Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдар					
1					
ҚР БҒМ КОКСОН ұсынған басылымдардағы жарияланымдар					
2					
Басқа					
3					

Ескерту: Жарияланған ғылыми еңбектердің тізіміне жарияланымдардың көшірмелері қоса берілуі тиіс.

6D051000 мамандығы бойынша докторант
«Мемлекеттік және жергілікті басқару»

докторанттың ТАӘ

Тізім дұрыс.
«Экономикалық теория, мемлекеттік, жергілікті басқару» каф. меңгерушісі,
PhD, доцент Е.А.Ставбунник

Қазіргі уақыттағы ҚарУ ғылыми хатшысы, э.ғ.к., профессор

А.А.Легостаева

Әдеп комиссиясының қорытындысы _____
ЖОО атауы

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқыған кезең	
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер - Т.А.Ә. (оның бар болуы кезінде), лауазымы, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталған немесе анықталмаған. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
8.	Ғылыми зерттеулер нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталған немесе анықталмаған. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет..
9.	Зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасы болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әлауқатын қорғау қалай жүргізілді?	

Әдеп комиссиясының төрағасы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (оның бар болуы кезінде))

Әдеп комиссиясының хатшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (оның бар болуы кезінде))

Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты (оның бар болуы кезінде))

Фото
3x4

1	Туған күні мен жері, азаматтығы, ұлты	
2	Доктрантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу кезеңі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертацияны қорғаған жері мен қорғау күні	
5	Диссертация тақырыбы мен тілі	
6	Ғылыми кеңесшілер (Т.А.Ә. (оның бар болуы кезінде), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (оның бар болуы кезінде), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Басылымдар тізбесіндегі журналдарда	
	Web of Science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) базаларындағы шетелдік басылымдарда	
	Халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде:	
	Шетелдік конференциялар материалдарында	
9	Еңбек қызметі	
Күні		Жұмыс орны, лауазым
Мекеменің орналасқан жері		
кабылдау	босату	
10	Тұрғылықты жері, байланыс деректері	

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

(қолы, тегі, А.Ә.)

Мөр, күні " ____ " ____ 20__ жыл

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (оны бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	1.1 Ғылым дамуының басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келуі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен (жоба немесе бағдарлама атын және нөмірін көрсету) қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарламалар аясында орындалды 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалды(бағдарламаның атын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен, ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға түбегейлі үлкен қосады/үлес қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/жақсы ашылмаған	
3.	Дербестік қағидаты	Дербестік деңгейі: 1)Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Дербестік жоқ	
4.	Ішкі бірлік қағидаты	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) Негізделген; 2) Ішінара негізделген; 3) Негізделмеген. 4.2 Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді: 1) Көрсетеді; 2) Ішінара көрсетеді; 3) Көрсетпейді 4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2)ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты: 1)толық өзара байланысты ; 2) ішінара өзара байланысты; 3) өзара байланыс жоқ 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда негізделген және бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара; 3) талдау өзіндік пікір емес, басқа авторлардың дәйексөздері	
5.	Ғылыми жаңалық қағидаты	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа болып табылады ма? 1) толық жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес(25%-дан кем жаңа болып табылады)	

		5.2 Диссертация қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) толық жаңа; 2) ішінара жаңа(25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-дан кемі жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізді болып табылады. 1) толық жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес(25%-дан кемі жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін)	
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі қағидалар	Келесі сұрақтарға әрбір қағидаға бөлек жауап беру қажет: 7.1 Қағида дәлелденген бе? 1) дәлелденген; 2) дәлірек дәлелденген; 3) дәлірек дәлелденбеген; 4) дәлелденбеген 7.2 Тривиальды ма? 1) иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа болып табыла ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану үшін деңгейі: 1) тар шеңберде; 2) орташа; 3) кең шеңберде 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	
8.	Дұрыстық қағидаты. Ақпарат көздері мен берілетін ақпараттың дұрыстығы	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама толық сипатталған 1) иә; 2) жоқ	
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: 1) иә; 2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	
		8.5 Әдебиеттердің пайдаланылған дереккөздері әдебиет шолуы үшін жеткілікті/жеткілікті емес	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) иә; 2) жоқ	
		9.3 Ұсыныстар практикк үшін маңызды болып табылады ма? 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-нан кемі жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және безендіру (ресімдеу) сапасы	Академиялық жазудың сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) ортадан төмен; 4) төмен.	

бк-қосымша
Диссертациялық
кеңес туралы Ережеге

Диссертациялық Кеңес мүшелерінің
келу парағы

Кеңес отырысы "___" _____ 20___ жыл, №___ Хаттама
докторанттың _____

(тегі, аты, әкесінің аты (оның болуы кезінде))
мамандық (кадрлар даярлау бағыты) бойынша

_____ диссертациясы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)	Дәрежесі	Отырысқа келу (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

(қолы, тегі және А.Ә.)